

## Аягөз ауданының Қопа ауылдық округінің Қопа ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы N 940 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 13 қантарда N 5-6-151 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 20 наурыздағы N 05/754 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012.03.20 N 05/754 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қопа ауылдық округінің Қопа ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Қопа ауылдық округінің Қопа ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторына (А. Мұқанов), аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығына (Д. Жұмақанов) жеке және занды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары М. Төлегеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Келісілді:*

*Ә. Мұхтарханов*

*Аягөз аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының*

мемлекеттік ветеринариялық-  
санитариялық бас инспекторы А. Мұқанов  
23.12.2011 ж.

Аягөз аудандық санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасының бастығы Д. Жұмақанов  
23.12.2011 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК